

Кәсіптік стандарт: «Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу»

### 1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-тармағына сәйкес "Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу" кәсіптік стандарты әзірленді, ол мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарының (бұдан әрі – МӨ және ЖЖМ) сот сараптамасын жүргізу жөніндегі сот сарапшысының біліктілік, құзыреттілік деңгейіне, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындауға арналған және сот-сараптама қызметі саласында қолданылады.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) жазба – қол жеткізілген нәтижелер туралы мәліметтерді қамтитын құжат немесе жүзеге асырылған қызметтің расталуы (верификацияның, ескертуші және түзетуші әрекеттердің жүргізілуінің куәлігін ұсыну және қадағалауын рәсімдеу үшін);

2) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

3) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

4) мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу нысанасы – мұнай табиғаты объектілерінің табиғатын, жіктеу тиесілігін, олардың шығу көзін куәландыратын нақты мән-жайларды анықтау;

5) мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу объектілері – мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібінің бұйымдары/өнімдері, олардың негізін мұнай тектес заттар; мұнай тектес заттардың іздерін сақтап қалған заттар құрайды.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БТБА – Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

2) БА – Біліктілік анықтамалығы;

3) СБШ – Салалық біліктілік шеңбері;

4) ЭҚЖЖ – Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші.

### 2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Название профессионального стандарта: Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу

5. Кәсіптік стандарттың коды: 084230019

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

О Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету

84 Мемлекеттік басқару және қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету

84.2 Мемлекеттің қоғамға қызметтерді тұтастай ұсынуы

84.23 Әділет саласындағы қызмет және сот әділдігі

84.23.0 Әділет саласындағы қызмет және сот әділдігі

7. Краткое описание профессионального стандарта: осы стандарт "Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу" түрі бойынша сот сараптамаларын (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігі бар сарапшыларға, оның ішінде "Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу" түрі бойынша лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын жеке тұлғаларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ сот сараптамасы органының бөлім/бөлімше, сектор басшысына қойылатын талаптарды сипаттайды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған) - 6 уровень ОРК

2) Сот сарапшылары - 6 уровень ОРК

### 3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)»:

Топтың коды:	1329-1
Қызмет атауының коды:	1329-1-028
Кәсіптің атауы:	Бөлім басшысы (өзге салаларда мамандандырылған)
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6

подуровень квалификации по ОРК:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Биологиялық және сабақтас ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Физикалық және химиялық ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информформалы біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1122-7-003 - Бөлім басшысы, D-O-3 санаты		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарына сот-сараптамалық зерттеу жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау		
<b>Еңбек функциялардың сипаттамасы</b>			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Бөлімше жұмысына басшылық ету 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу	
Еңбек функциясы 1: Бөлімше жұмысына басшылық ету	Дағды 1: Бөлімшенің перспективалық және ағымдағы жұмыс жоспарларын әзірлеу	Машықтар:	1. Бөлімшенің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жұмыс жоспарларын қалыптастыру, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру; 2. Бөлімшенің мақсаттарын және оның осы мақсаттарға қол жеткізу көрсеткіштерін анықтау; 3. Бөлімше қызметіндегі негізгі тәуекелдерді және оларды жою немесе азайту әдістерін анықтау; 4. Бөлімше процестерінің тиімділігінің негізгі көрсеткіштерін анықтау; 5. Өндірістік есептерді қалыптастыру.
		Білімдер:	1. Ұйымның стратегиясы/саясаты, мақсаттары, даму жоспарлары және басқа да нормативтік құқықтық құжаттары; 2. Менеджмент, стратегиялық және бюджеттік жоспарлау, ұйымдастырушылық даму саласындағы теориялық және практикалық білімдер; 3. Жоспарлау және әкімшілендіру негіздері. 4. Сараптама жүргізу туралы есептілікті жасау тәртібі мен мерзімдері.
		Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

<p>Дағды 2: Бөлімшенің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қызметкерлердің жұмысына жетекшілік ету, міндеттерді тұжырымдау және олардың орындалуын бақылау;</li> <li>2. Өз құзыреті шегінде бөлімшенің ұйымның басқа бөлімшелерімен және Бөгде ұйымдардың өкілдерімен тиімді өзара іс қимылын жүзеге асыру;</li> <li>3. Бөлімшенің материалдық-техникалық ресурстарға қажеттілігін анықтау бойынша талдау жүргізу;</li> <li>4. Зертхананы материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және жарақтандыруға өтінімдер жасау және ресімдеу;</li> <li>5. Реактивтерді және олардың есебін кіріс бақылауын жүргізу;</li> <li>6. Персонал қызметінің тиімділігін талдау және бағалау, орындалған жұмыс нәтижелері бойынша оған кері байланыс беру;</li> <li>7. Қызметкерлерді тиімді ынталандыру жүйесін әзірлеу. Жанжалды жағдайлардың алдын алу;</li> <li>8. Бөлімшенің персоналға қажеттілігін айқындау, сондай-ақ олардың кәсіби деңгейін ескере отырып, персоналды іріктеуді жүзеге асыру;</li> <li>9. Сот сараптамасы органы басшысының қарауына қызметкерлерді тағайындау, ауыстыру және жұмыстан босату туралы ұсынымдар, оларды көтермелеу туралы немесе оларға жаза қолдану туралы ұсыныстар енгізуге;</li> <li>10. Персоналды даярлауды, біліктілігін арттыруды іске асыруды қамтамасыз ету;</li> <li>11. Бөлімше ресурстарын ұтымды пайдалануды, жабдықтар мен аспаптардың сақталуы мен жұмыс жағдайын қамтамасыз ету;</li> <li>12. Нұсқаулықты өткізуді ұйымдастыру, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар жөніндегі нұсқаулықтардың, қағидалар мен нормалардың сақталуына бақылауды жүзеге асыру.</li> </ol>
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері;</li> <li>3. Еңбекті ұйымдастырудың нысандары мен әдістері;</li> <li>4. Адам ресурстарын басқару, персоналды оқыту және дамыту тетіктері;</li> <li>5. Персоналдың қызметін бағалау әдістері, қызметкерлерді ынталандырудың, олардың қатысу деңгейін арттырудың әдістемелері мен құралдары;</li> <li>6. Еңбекті ұйымдастырудың және басқарудың, еңбек заңнамасының негіздері; ішкі еңбек тәртібі қағидалары; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың, өндірістік санитарияның, өрт және санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздіктің талаптары;</li> <li>7. Тауар-материалдық құндылықтардың кірісін бақылау, оларды есепке алу және есептен шығару тәртібі;</li> <li>8. Пайдаланылатын техникалық құралдарды пайдалану және оларға қызмет көрсету қағидалары.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>

	<p>Дағды 3: Бөлімше жұмыстарының орындалу барысын бақылау</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жұмыс жоспар-кестелерінің орындалуын бақылау;</li> <li>2. Құрал-сайманның, аппаратура мен жабдықтардың дұрыс пайдаланылуын, персоналдың қауіпсіздік техникасын сақтауын бақылау;</li> <li>3. Сараптаманы жүргізу сапасын ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру;</li> <li>4. Сараптамалық қорытындыны сарапшының тәуелсіздігі қағидатын сақтай отырып, жүргізілген зерттеудің толықтығын, тұжырымдардың ғылыми негізділігін, алынған нәтижелердің дұрыстығын және сараптамалық қорытындыны ресімдеу сапасын тексеру;</li> <li>5. Персоналдың лауазымдық міндеттерін, оның ішінде сот сараптамасы саласындағы әдеп қағидаттарын, ақпараттың құпиялылығын орындауын бақылауды жүзеге асыру;</li> <li>6. Сарапшының қорытындыларын ішкі және сыртқы рецензиялау процесіне қатысу;</li> <li>7. Сараптамалық қателіктердің алдын алуды жүргізу;</li> <li>8. Қойылған мақсаттарға қол жеткізу мониторингін жүзеге асыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Бөлімшеде қолданылатын жабдықтар мен аппаратураларды пайдаланудың негізгі технологиялық процестері мен ерекшеліктері;</li> <li>2. Сот-сараптамалық зерттеулер өндірісінің сапасын бақылауды ұйымдастыру қағидаттары;</li> <li>3. Ішкі нормативтік құжаттар, бөлімше қызметкерлерінің лауазымдық міндеттері.</li> </ol> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі: -</p>
<p>Еңбек функциясы 2: Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл</p>	<p>Дағды 1: Сот сараптамалары өндірісін тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптама тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есеп ұсыну;</li> <li>2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман ретінде қатысу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Сараптама құнын есептеу жөніндегі тарифтер мен әдістер.</li> </ol> <p>Дағдыны тану мүмкіндігі: -</p>
	<p>Дағды 2: Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу;</li> <li>2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу.</li> </ol>

		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Қылмыстық және азаматтық істер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері;</li> <li>3. Сот экспертиологиясы және криминалистика негіздері.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p>Қосымша еңбек функциясы 1: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмыстарға қатысу</p>	<p>Дағды 1: Сот сараптамасы саласындағы ғылыми қызметке қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеуінің ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;</li> <li>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;</li> <li>3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;</li> <li>4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау.</li> <li>5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;</li> <li>6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;</li> <li>7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;</li> <li>8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілетін сынақтардың нәтижелерін талдау;</li> <li>9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;</li> <li>10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;</li> <li>11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;</li> <li>12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;</li> <li>13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;</li> <li>14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;</li> <li>2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізудің әдіснамасы;</li> <li>3. Ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жарияланымдар нәтижелерінің мазмұнына және ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеулер әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары;</li> <li>5. Ғылыми зерттеулер жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау бойынша әдістемелік материалдар.</li> </ol>
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-

<p>Дағды 2: Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігі мен олардың салдарына талдау жасау;</li> <li>2. Сот-сараптама қызметі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;</li> <li>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – «Құқықтық актілер туралы» Заң);</li> <li>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгеріс енгізу тәртібі, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді ресімдеудің тәртібі.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Дағды 3: Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеуін жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді дайындауға, бұл бағыт бойынша сот сарапшыларының біліктілігін арттыруға қатысу;</li> <li>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;</li> <li>3. Кадрларды даярлаудың, біліктілікті арттырудың перспективалық және ағымдағы жоспарларын әзірлеуге қатысу;</li> <li>4. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;</li> <li>5. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу;</li> <li>6. Оқыту нәтижелерінің көрсеткіштерін және оның тиімділігін талдауды жүзеге асыру.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;</li> <li>3. Баяндамалардың, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;</li> <li>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;</li> <li>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;</li> <li>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары;</li> <li>7. Оқыту шығындарын қаржыландыру тәртібі;</li> <li>8. Кадрларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі машықты жасау тәртібі.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>

Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Ұжымды басқару Командалық жұмыс Көшбасшылық қасиеттер Стратегиялық және жүйелік ойлау Нәтижеге бағдары/немесе сапаға бағдары Тиімді коммуникация дағдылары Тұрақты өзін-өзі дамыту Инновациялық		
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	7	Басшы/басшының орынбасары	
10. Кәсіптің карточкасы «Сот сарапшылары»:			
Топтың коды:	2611-7		
Қызмет атауының коды:	2611-7-002		
Кәсіптің атауы:	Сот сарапшылары		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	6		
подуровень квалификации по ОРК:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Биологиялық және сабақтас ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Физикалық және химиялық ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары білім (бакалавриат, маман дәрежесі, ординатура)	Мамандық: Өндірістік және өңдеу салалары	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет етілмейді		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	1122-3-015 - Бас сарапшы, С-4 санаты		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеуін жүргізу саласындағы кәсіптік қызметке қойылатын бірыңғай талаптарды әзірлеу, еңбек нарығының қазіргі заманғы қажеттіліктеріне жауап беретін және қызметкерлердің біліміне, машығына, дағдыларына және жеке құзыреттеріне қойылатын тиісті талаптарды жүйелі және құрылымдық жағынан сипаттау		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. «Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу» мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу 2. Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	
	Қосымша еңбек функциялары:	1. Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу	
Еңбек функциясы 1: «Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу» мамандығы бойынша сот сараптамасын жүргізу			

<p>Дағды 1: Келіп түскен сараптама/зерттеу объектілерін және іс материалдарын қабылдау және қарап-шығу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Ұсынылған объектілердің, олардың санын сараптама тағайындау туралы қаулыда (ұйғарымда) көрсетілген тізбеге сәйкестігін тексеру;</li> <li>2. Сараптама/зерттеу объектілерінің бүліну, түрінің өзгеруін, ауыстырылу мүмкіндігін болдырмайтын және сақтау мен тасымалдау кезінде белгілері мен қасиеттерінің сақталуын қамтамасыз ететін олардың қаптамасының бүтіндігін тексеру;</li> <li>3. Зерттеу объектісі туралы мәліметтерді толтырудың дұрыстығы мен жеткіліктілігін тексеру;</li> <li>4. Зерттеуге түскен материалдар мен объектілерді тексеру актісін ресімдеу;</li> <li>5. Сот сараптамасы объектілерінің бастапқы белгілері мен қасиеттерінің сақталуы және сараптама объектілерін сақтау мен қайтару қағидаларын сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз ету.</li> </ol> <p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;</li> <li>2. Заттай дәлелдемелерді және сараптамалық зерттеулерге ұсынылатын объектілерді алу, буып-түю, жіберу, тасымалдау, сақтау тәртібі.</li> </ol>
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Дағды 2: Сот сараптамасы (зерттеуі) материалдары мен объектілерін зерделеу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеудің мәнін, объектісі мен міндеттерін анықтау;</li> <li>2. Ұсынылған материалдар мен зерттеу объектілерін зерделеу және сараптаманың шешуіне қойылған мәселелер бойынша олардың қорытынды беру үшін жарамдылығы мен жеткіліктілігін бағалау;</li> <li>3. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу объектілерін, олардың ерекшелігін ескере отырып сипаттау;</li> <li>4. Сот сараптамасын (зерттеуін) жүргізу жоспарын жасау және сараптамалық зерттеудің міндеттерін, бастапқы деректерді ескере отырып, сараптамалық іс-қимылдардың дәйектілігін айқындау;</li> <li>5. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелерін және/немесе әдістерін таңдау;</li> <li>6. Сараптама тағайындаған органға қолдаухат ресімдеу;</li> <li>7. Сараптама объектілерін тіркеу және зерттеу үшін ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдерді қолдану;</li> <li>8. Реактивтердің кіріс бақылауын және оларды есепке алуды жүргізуге қатысу;</li> <li>9. Жазбаларды ресімдеу.</li> </ol>



<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер;</li> <li>2. Халықаралық қатынастарды бұзу фактілері бойынша мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу өндірісінің ерекшеліктері;</li> <li>3. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері, мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу саласындағы отандық және шетелдік жетістіктер;</li> <li>4. МӨ және ЖЖМ жіктелуі және қасиеттері;</li> <li>5. МӨ және ЖЖМ қасиеттері мен жай-күйін белгілеу, МӨ және ЖЖМ түрі мен маркасын айқындау, шығу тегінің жалпы көзін белгілеу;</li> <li>6. Стандарттау саласындағы талаптар (нормалар, нормативтер, стандарттар) ;</li> <li>7. Реактивтердің кіріс бақылауын сақтау және оларды есепке алу тәртібі;</li> <li>8. Сараптамалық және арнайы зерттеулерді тағайындау және жүргізу тәртібіндегі айырмашылықтар.</li> </ol>	
<p>Дағдыны тану мүмкіндігі:</p>	<p>-</p>
<p>Дағды 3: Сот-сараптамалық зерттеуді жүргізу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемелеріне және/немесе әдісіне сәйкес мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеу сынама дайындауды жүргізу;</li> <li>2. Құрал-сайманды, аспаптар мен жабдықты дұрыс пайдалану;</li> <li>3. Зерттеу жүргізу кезінде өндірістік орта жағдайларын (температураны, ылғалдылықты) бақылау;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеулердің сапасын бақылауға қатысу;</li> <li>5. Жазбаларды жүргізу және рәсімдеу;</li> <li>6. Санитарлық нормалар мен ережелердің талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты сақтау.</li> </ol>

	<p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Сот-сараптамалық зерттеудің әдістемелері және/немесе әдістері;</li> <li>3. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеуінің процестік және ұйымдастырушылық негіздері;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеу кезеңдері;</li> <li>5. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарының сипаттамасы;</li> <li>6. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдары объектілерінің жай-күйінің өзгешеліктері;</li> <li>7. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдары объектілерінің жай-күйінің ерекшелігі;</li> <li>8. Зерттеу жүргізу кезіндегі өндірістік ортаның шарттары (температура, ылғалдылық) ;</li> <li>9. Жазбаларды жүргізу ережелері;</li> <li>10. Құрал-саймандарды, аспаптар мен жабдықтарды пайдалану, шығыс материалдарын есепке алу және сақтау тәртібі;</li> <li>11. Сот сараптамаларын/зерттеулерін жүргізу барысында объектілерді табуға, тіркеуге және зерттеуге арналған ғылыми-техникалық құралдар мен тәсілдер, сот фотосуретінің, бейнетүсірілімнің, фотокестелерді, сызбаларды, диаграммаларды жасау қағидалары;</li> <li>12. Тиісті заттай дәлелдемелерді қарау, алу және буып-түю, талдау үшін өкілдік сынамаларды іріктеуді жүргізу тәртібі, экспресс-тесттер мен реактивтерді пайдалану қағидалары;</li> <li>13. Еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулықтар, қағидалар мен нормалар, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптар;</li> <li>14. Қауіптілік сыныбына сәйкес қалдықтарды жинау, есепке алу және кәдеге жарату жөніндегі нормативтік құқықтық актілер;</li> <li>15. Ішкі нормативтік құжаттар, лауазымдық міндеттер.</li> </ol>
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
<p><b>Дағды 4:</b> Сот сараптамасы (зерттеуі) нәтижелерін түсіндіру/өңдеу</p>	<p><b>Машықтар:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістемесіне және/немесе әдісіне сәйкес зерттеу нәтижелеріне талдау, бағалау және өңдеу жүргізу;</li> <li>2. Зерттеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалауды жүргізу;</li> <li>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерін түсіндіру/өңдеу және тұжырымдарды қалыптастыру;</li> <li>4. Зерттеу нәтижелерін есептеу, талдау, бағалау және өңдеу бойынша жазбаларды жүргізу және ресімдеу.</li> </ol> <p><b>Білімдер:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптамалық зерттеу әдістері және/немесе әдістері;</li> <li>2. Өлшеудің белгісіздігін бағалау мен ұсынудың жалпы ережелері;</li> <li>3. Сараптамалық зерттеу нәтижелерінің дұрыстығы мен объективтілігі дәрежесін бағалаудың ғылыми негізделген тәсілдері мен критерийлері;</li> <li>4. Сот-сараптамалық зерттеу барысында алынған деректерді түсіндіру тәртібі мен қағидалары;</li> <li>5. Зерттеу нәтижелерін есептеудің, талдаудың, бағалаудың және өңдеудің жұмыс жазбаларын жүргізу қағидалары.</li> </ol>

	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 5: Сарапшының (маманның) қорытындысын ресімдеу	Машықтар: 1. Сарапшының (маманның) қорытындысын немесе қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабарламаны ресімдеу; 2. Бақылау өндірісінің материалдарын қалыптастыру.
		Білімдер: 1. Қазақстан Республикасының сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; 2. Сарапшының қорытындысын, оның құрылымдық бөліктерін (кіріспе, зерттеу, синтездеу, қорытындылар) жасау тәртібі; 3. Сарапшы қорытындысының нысандары; 4. Құжаттау, мұрағаттау білімі.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Еңбек функциясы 2: Сараптама тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	Дағды 1: Сот сараптамалары өндірісін тағайындайтын органдармен өзара іс-қимыл	Машықтар: 1. Сот сараптамасын жүргізуге арналған шығыстар сметасын жасау және сараптаманы тағайындаған органға сараптама жүргізуге байланысты шеккен шығыстар туралы есепті ұсыну; 2. Өз құзыреті шегінде процестік әрекеттерге маман/сарапшы ретінде қатысу.
		Білімдер: 1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; 2. Сараптама құнын есептеу бойынша тарифтер мен әдістер.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
	Дағды 2: Сараптаманы тағайындайтын органдардың қызметкерлеріне консультация беру	Машықтар: 1. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдар қызметкерлеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысу; 2. Сот сараптамаларын (зерттеулерін) ұйымдастыру және жүргізу мәселелері бойынша сараптама тағайындайтын органдардың қызметкерлері үшін семинарлар өткізу.
		Білімдер: 1. Қазақстан Республикасының сот сараптамасы қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері; 2. Сот экспертиологиясы және криминалистика негіздері; 3. Қылмыстық және азаматтық істер бойынша, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша материалдарды дайындау және ұсыну ерекшеліктері.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-
Қосымша еңбек функциясы 1: Ғылыми-зерттеу, ғылыми-әдістемелік және оқу-әдістемелік жұмысқа қатысу		

Дағды 1:  
Сот сараптамасы  
саласындағы ғылыми  
қызметке қатысу

Машықтар:

1. Ғылыми әзірлемелердің заманауи деңгейін ескере отырып, мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеулердің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын зерделеу және талдау;
2. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін ұсыныстар мен техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу;
3. Ғылыми зерттеу нәтижелерінің техникалық және экономикалық әсерін негіздеу;
4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды және өткізуді жоспарлау;
5. Деректерді жинау, талдау және жүйелеуді жүзеге асыру;
6. Зерттеу жұмыстарының жоспарларына ағымдағы және қорытынды бақылауды, бағалауды және түзетуді жүзеге асыру;
7. Сынақтар мен өлшемдердің тиісті әдістері мен әдістемелерін қолдану;
8. Ғылыми зерттеулер барысында жүргізілген сынақтардың нәтижелерін талдау;
9. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ресімдеу;
10. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін, техникалық шешімдерді, ғылыми зерттеулердің әзірлемелерін әзірлеуге, сынақтан өткізуге, валидациялауға және енгізуге қатысу;
11. Орындалған жұмыстың, ғылыми зерттеулердің және/немесе ғылыми-техникалық әзірлемелердің нәтижелері бойынша есептер дайындау;
12. Мақалалар, монографиялар, әдістемелік ұсыныстар мен оқу құралдарын дайындауға қатысу;
13. Жарияланымдар мен ғылыми әзірлемелерге рецензия жүргізу;
14. Сараптамалық қателіктер жіберуге ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау мақсатында сараптамалық практиканы қорытыуды жүргізу, сондай-ақ сараптамалық қателіктердің алдын алуға бағытталған ұсыныстарды әзірлеу.

Білімдер:

1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;
2. Сот сараптамасы саласындағы отандық және шетелдік ғылым мен технологияның заманауи жетістіктері;
3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу немесе ғылыми-техникалық әзірлемелерді орындау әдіснамасы;
4. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін ресімдеуге қойылатын үлгілік талаптар;
5. Сот-сараптамалық зерттеулердің әдістемелерін әзірлеу, сынақтан өткізу және енгізудің негізгі қағидаттары.

Дағдыны тану мүмкіндігі:

-

	<p>Дағды 2: Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын қолданыстағы заңнамаға, реттеу мақсаттарына сәйкестігіне, енгізілетін нормалардың тиімділігіне және олардың салдарына талдау жасау;</li> <li>2. Сот-сараптама қызметі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу немесе қайта қарау, жаңа нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу жөнінде ұсыныстар қалыптастыру;</li> <li>3. Сот сараптамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге қатысу.</li> </ol>	
		<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;</li> <li>3. Нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу, қабылдау, өзгерістер енгізу тәртібі, сондай-ақ ресімдеуге қойылатын талаптар.</li> </ol>	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	-	
	<p>Дағды 3: Сот сарапшыларын кәсіптік даярлауға, біліктілігін арттыруға және қайта даярлауға қатысу</p>	<p>Машықтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мұнай өнімдері мен жанар-жағармай материалдарын сот-сараптамалық зерттеуін (зерттеулерін) жүргізу құқығына біліктілік куәлігін алуға үміткерлерді кәсіптік даярлауға, сот сарапшыларын даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу;</li> <li>2. Сот сарапшыларын даярлау, біліктілігін арттыру курстарына лектор, дайындық басшысы ретінде қатысу;</li> <li>3. Оқу-әдістемелік құжаттаманы, оқыту және бақылау құралдарын әзірлеуге қатысу;</li> <li>4. Кәсіптік оқыту мен біліктілікті арттырудың нысандары мен әдістерін жетілдіруге қатысу.</li> </ol>	
	<p>Білімдер:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Сот-сараптама қызметі саласындағы заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;</li> <li>2. Оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеудің негізгі қағидаттары мен тәртібі;</li> <li>3. Баяндамалардың, семинарлық және практикалық сабақтардың жоспарларын жасау тәртібі;</li> <li>4. Оқытудың теориясы мен әдістемесінің негіздері;</li> <li>5. Сот сарапшыларын даярлау және олардың біліктілігін арттыру мәселелері жөніндегі әдістемелік материалдар;</li> <li>6. Сот сарапшыларын кәсіптік даярлаудың, біліктілігін арттырудың нысандары, түрлері, әдістері мен құралдары.</li> </ol>		
Дағдыны тану мүмкіндігі:	-		
<p>Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:</p>	<p>Командалық жұмыс Аналитикалық және жүйелік ойлау Стреске төзімділік Сапаға бағдары Шешім қабылдау кезіндегі дербестік Тиімді коммуникация дағдылары Тұрақты өзін-өзі дамыту</p>		
<p>Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:</p>	-		
<p>СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:</p>	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	6	Бөлім/бөлімше, сектор басшысы	

## 4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

12. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

Орындаушы:

Сашкен А.М., +7 (717) 274 06 58, a.sashken@adilet.gov.kz

13. Өзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

"Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамалары орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Орындаушылар:

Ертаева Г.Ж., +7 (717) 254 10 05, expert@cse.kz

14. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: №2 , 12.12.2023 г.

15. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 14.12.2023 г.

16. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 18.10.2023 г.

17. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: версия 1, 2024 г.

18. Болжалды қайта қарау күні: 22.11.2027 г.